



**Ортаңғы топқа арналған
«Ертегілер елінде» атты бағдарламасына**

Пікір

Ортаңғы топ балаларының сөйлеу мәдениетінің, ойлау қабілетінің дамуына баса назар аударған жөн. Осы орайда бүгінгі таңдағы балаларды жетелеп, ой-өрісін ашуға, дамытуға ертегінің маңызы зор.

«Ертегілер елінде» бағдарламасын енгізу бүгінгі күн талабы болып отыр.

«Ертегілер елінде» таңдау курс бағдарламасын тәрбиеші зерттеп, талқылап керекті ертегілерді балалардың жас ерекшеліктеріне сай алған. Қатынас саласы бойынша мақсат-міндеттері айқындалып, зерттеліп, ойын элементтерінің құрылымына сәйкес жазылған.

Бұл бағдарламада балаларды сахналап, рөлдерге бөліп жұмыс жасау дағдыларында көрсете білген. Бұл ертегінің тәрбиелік мәні зор, өмірімен байланыстырылып, адамгершілікке, мейірімділікке баулиді, үйретері мол.

Бұл бағдарламада алынған ертегілер бір-біріне ұқсастығы жоқ. Бірі достық туралы болса, ал бірі жақсылық пен жамандық, айлакер, құлық туралы, ал бірі байлық, денсаулық және еңбек туралы ертегілер.

Бағдарлама көзделген мақсатқа сай баланың жеке басын қалыптастыра отырып, балалар коллективінің дамуында басты роль атқарады. Балаларға ертегі арқылы халқымыздың тарихын, мәдениетін таныстыру қолға алынған.

Пікір жазған:

Түсінік хат

Ортаңғы топқа арналған таңдау курс бағдарламасы «Ертегілер елінде» деп аталады. Ертегілер балалардың ойын, қиялын, сөйлеу тілін дамытуда үлкен роль атқарады. Сондықтан ортаңғы топ тәрбиенушілері үшін ертегілерді оқытудың маңызы зор.

«Ертегілер елінде» таңдау курсына қиял-ғажайып, тұрмыс-салт, хайуанаттар жайындағы ертегілер қамтылған. Балалардың қабылдануына жеңіл, оқиғасы қызықты ертегілер таңдап алынды.

Балалар ертегілерді рөлдерге бөліп, сахналайды.

Ертегіні қою барысында балалар әр түрлі құралдарды пайдаланады, басқа да ойыншылармен қарым-қатынасқа түседі. Рөлін іс-әрекетпен, сөйлеумен, мимикамен, пантомимикамен білдіреді.

«Ертегілер елінде» бағдарламасы ортаңғы топ балаларының тұлғалық дамуын қамтамасыз етіп және оны мектепке дайындауға бағытталған.

«Ертегілер елінде» бағдарламасының жылдық жүктемесі 36 сағатқа құрылған. Апталық жүктемесі -1сағат.

Бағдарлама 4-5 жас аралағындағы балаларға арналып ұсынылған. Бағдарламаны оқыту төмендегідей мақсаты мен міндеттеріне жетудің қажеттілігін қамтамасыз етеді.

Ортаңғы топ

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Күні	Көрнекілігі
1	«Алтын балық» ертегісі	Су асты тіршілік иелері туралы түсінік беру, зейінін дамыту	4		Ертегі кітабы, ертегі кейіпкерлерінің сюжетті суреттері.
2	«Алтын сақа» ертегісі	Ертегі кейіпкерлерінің сипаты арқылы жақсы қасиеттерге баулу.	4		Кейіпкерлердің суреттері бар буклет
3	«Қызыл телпек» ертегісі	Ертегі кейіпкерлерінің жағымды, жағымсыз қасиеттерін көруге үйрету. Ойын нақты және түсінікті етіп жеткізе білуге дағдыландыру.	4		Қолғап қуыршақтары.
4	«Бауырсақ » ертегісі	Өзара сүйіспеншілік қарым-қатынасқа тәрбиелеу	4		Ертегі кейіпкерлерінің атрибуттары.
5	«Жеті лақ» ертегісі	Ұжымда бірлесіп әрекет ете білу дағдыларын қалыптастыру.	4		Қолғап қуыршақтары
6	«Мақта қыз бен мысық» ертегісі	Сөздік қорын молайту, үй жануарларына деген қамқорлыққа тәрбиелеу.	4		Сахналық қойылым.
7	«Қарлығаш пен дәуіт» ертегісі	Достыққа, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	4		Ертегі кейіпкерлерінің атрибуттары
8	«Үйшік » ертегісі	Ертегі арқылы қайырымды, мейірбан болуға тәрбиелеу.	4		Сахналық қойылым
9	«Шалқан» ертегісі	Балаларға ертегі туралы түсініктерін кеңейтіп, айырмашылығын ажырата білуге үйрету. Сөздік қорларын молайту.	3		Ертегі кейіпкерлерінің атрибуттары
10	Қорытынды	Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, жақсылық жасауға, достыққа, өз ойларын еркін жеткізе білуге дағдыландыру.	1		Ертегі кейіпкерлерінен жасалған көрме
Барлығы:			36		

Мақсаты: балаларды топтастырып, бірге ертегіні сахналауға, рөлдерді орындауда икемділік, шынайлық, бірлесіп әрекет етуге үйрету, сөздік қорын, тіл байлығын дамыту.

Міндеттері: Топпен жұмыс жасауды, өзіне жүктелген міндеті толық атқаруды, бастаған істі төзімділікпен аяқтауды. Балалардың әлеуметті ортада бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас жасаудың дағдыларын жетілдіру.

Күтілетін нәтиже:

- Ертегі кейіпкерлерінің рөлін орындауға икемді болуды дамытып, өзінің жеке тілектестігін көрсетеді.
- Ертегі барысын үнемі өзгертіп, ауыстырып, мүмкіндігін қамтамасыз етіп отырады.
- Ойыншылардың арасында жолдастық қарым-қатынас қалыптастырады.
- Ертегіде бала шығармашылыққа еркіндік береді.

Бағдарламаның мазмұны: Ертегі кейіпкерлері мен жануарлардың түрлерімен таныстыру. Табиғат және жануарлар тіршілігі, олардың мінезі мен қылықтары туралы түсіндіреді. Онда балалар қоршаған орта, табиғат, жануарлар мен тұрмыста көретіндерінің барлығын рөлдерде ойнап шығады. «Ертегілер елінде» бағдарламасы 1 жылға арналған.

Пайдалынған әдебиеттер тізімі:

1. Көркем әдебиет, әдістемелік құрал «Аруна» баспасы
2. Воспитание и обучение в средней группе детского сада. Программа и методические рекомендации /сост.М. Б. Зацпина-М.: Мозаика-Синтез,2008-192с.
3. «Ертегі сыр шертеді» балаларға арналған ертегілер жиынтығы.
4. «Отбасы және балабақша» журнал,2010-2014ж.
5. Мектепке дейінгі білім-тәрбие әдістемесі, № 1,2 2014ж.
6. «Зерек бала» мектепке дейінгі кіші жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту бағдарламыс. Астана,2009ж.
7. Үй жануарлары Ж.Қалжанова Аруна, баспасы
8. Отбасы және балабақша Журнал
9. Ерте,ерте,ертеде Журнал Педагогика пресс
- 10.Балдырған Журнал Алматы, 1998